

**Қазалы аграрлы – техникалық колледжінде «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК»
тақырыбында жалпы ата – аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі

«28» қыркүйек, 2024 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Колледждегі оқу процесінің жүргізілу барысы
/Ш. Баекеева – директордың оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары/
2. Кәмелетке толмағандар мен ата – аналардың құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы туралы
/М. Бегалиева – Қазалы аудандық жергілікті полиция қызмет бөлімшесі ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры/
3. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ерекшеліктері мен жаңартылған мазмұны», ата – аналар комитетін сайлау
/Г. Жаңылова – директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары/
4. Ағымдағы мәселелер, жиналысты қорытындылау */Қ. Арзақынов – директордың оқу – өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары/*

ТЫҢДАЛДЫ:

Жиналысты директордың оқу – өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары **Қ. Арзақынов** 2024-2025 оқу жылындағы жаңалықтар, өзгерістермен жеткен жетістіктер, алдағы міндеттер туралы хабарлама жасап, күн тәртібі мен баяндамашыларды таныстырып, жиналыстың мақсатын айтып, жиналысты ашып берді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары Ш. Баекеева – колледждегі 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін оқу процесінің жүргізілуін, оның ішінде емтихандар, директорлық сынамалар жүргізілетінін, ағымдық және қорытынды аттестаттаудан өткізу, оқу процесінің жүру барысы мен сабаққа қатысуын ата – аналар тарапынан қамтамасыз етуге және колледждегі ерекше білімді қажет ететін студенттердің оқу процесінің ұйымдастырылуын баяндап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қазалы аудандық жергілікті полиция қызмет бөлімшесі ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры М. Бегалиева – Кәмелетке толмағандар мен ата – аналардың құқық бұзушылықтар мен қылмыстар жасағаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы, «Интернет алаяқтықтың алдын алу», «Білім беру ұйымдарында тыйым салынған, пайдалануға шектелген заттар тізбесі» туралы таныстырып, құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық – зомбылыққа жол бермеу, жол қауіпсіздігін сақтау бағытында дәрістермен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Аталған бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, балаларды қатаң бақылауда ұстау керектігі және оған тікелей жауапты ата – ана екенін, ол міндеттерді орындамаған жағдайда ата – аналарға Қазақстан Республикасы ӘҚБК Заңдарында көрсеткендей шаралар сот арқылы көретінін қатаң ескертті.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Г. Жаңылова – «Біртұтас тәрбие бағдарламасы: ерекшеліктері мен жаңартылған мазмұны» - мен таныстырып, биылғы оқу жылында ата – аналардың қатысуымен өткізілетін іс – шаралармен бөлісіп, белсенді қатысып араласуға шақырды. Ата – аналарға балалардың сабақтан

себепсіз қалмауларын және 10 күн сабаққа қатыспаған жағдайда полиция бөліміне хат жолдайтынын ескертіп, балаларды тәртіпке шақырып, сабақтан себепсіз қалмаулары мен қатаң бақылауды талап етті. Жиын барысында ата – аналар комитетін сайлауға үш ата – ана ұсынылып көпшіліктің даусымен сайланды. Олар: **Орақбай Алмасбек Құлшарұлы** ата – аналар комитеті төрағасы, **Қарабалаев Мирамбек Мдуарұлы** ата – аналар комитеті мүшесі, **Таңжарықова Ғазиза Тұрсынбекқызы** ата – аналар комитеті мүшесі болып сайланды.

Жиналыс барысында «Бала тәрбиесіндегі отбасы құндылықтары», Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Терроризмге қарсы орталығы штабы ұсынған «Қауіптің алдын алу және салдарын азайту» тақырыбындағы арнайы бейнероликтері көрсетіліп, «Интернетте не істеуге болмайды?» ата – аналарға арналған жадынамалар таныстырылды.


Жиналыс соңында ата – аналар тарапынан қойылған сауалдар тыңдалып, бала қауіпсіздігіне байланысты пайдалы ақпараттар беріліп, шешімдер қабылданды.

Жиналысты директордың оқу – өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары **Қ. Арзақинов** қорытындылап, ата – аналарға балаларды қатаң бақылауда ұстап, колледжбен үнемі байланыс жасап, балалардың бос уақытын тиімді пайдаланып, сабаққа қатысуларын ата – ана тарапынан бақылауды күшейту керектігін ескертті.

ҚАУЛЫ:

1. Колледж бойынша топ кураторлары мен топ шеберлері ата-аналармен тығыз байланыста болып, топ студенттерінің жай – күйімен, сабаққа қатысуы мен тәртібін қадағалауды, күнделікті бақылау жасау жұмыстары күн тәртібінен түспей бақылауға алынсын.
2. Құқық бұзушылық, қылмыс, нашақорлық, зорлық – зомбылық, лудомания, суицид, жол қауіпсіздіктерінің алдын алуда топ кураторлары мен топ шеберлеріне студенттерге үнемі түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырсын.
3. Осы қаулының орындалуы мен бақылауды директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары **Г. Жаңыловаға** қалдырамын.




А. Мусаев

Е. Баскеев

**Қазалы аграрлы – техникалық колледжінде «Отбасындағы ата – ананың және баланың рөлі» тақырыбында ата – аналар мен білім алушыларға өткізілген
семинар - тренинг
ХАТТАМАСЫ**

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі

«05» желтоқсан, 2024 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Семинар – тренингті ашу директордың оқу – өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары **Қ. Арзақинов**
2. Баяндама: «Отбасындағы ата – ананың және баланың рөлі» әлеуметтік – педагог **Г. Таңатова**
3. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі «Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығы» маманы **А.Жансары**
4. «Зорлық – зомбылық пен жыныстық тиіспеушіліктердің алдын алу, болдырмау» АПБ – нің ювеналды полиция тобының аға инспекторы полиция майоры **М. Бегалиева**
5. «Сергіту жаттығуы» қызықты сұрақтар, «Капитан» жаттығуы педагог – психолог **Е. Баскеев**
6. Қорытындылау. Ұсыныстарды қабылдау. Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары **Г. Жаңылова**

ТЫНДАЛДЫ:

1. Семинар – тренингті директордың оқу – өндірістік жұмыстары жөніндегі орынбасары **Қ. Арзақинов** 2024-2025 оқу жылындағы жаңалықтар, өзгерістермен жеткен жетістіктер, алдағы міндеттер туралы хабарлама жасап, семинардың мақсаты мен міндетін айтып өтіп, баяндамашыларды таныстырып, семинарды ашып берді.
2. *Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әлеуметтік – педагог Г. Таңатова* – «Отбасындағы ата – ананың және баланың рөлі» тақырыбында баяндама жасап, ата – аналарға бала тәрбиесі барысындағы бірнеше кеңестер ұсынды.
3. *Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі «Қазалы аудандық отбасын қолдау орталығы» маманы А.Жансары* – «Отбасылық кикілжіңдерді болдырмау» тақырыбында баяндама жасап, Қазалы ауданында Әйтеке би кенті, Керуен автотұрағы жанында орналасқан отбасын қолдау орталығы орналасқанын, оның ішінде әлеуметтік – психологиялық көмек көрсетілетінін, зорлық – зомбылыққа немесе басқа да отбасылық жағдайға душар болсаңыздар келуге болатынын айтып өтті.
4. *Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қазалы аудандық жергілікті полиция қызмет бөлімшесі ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры М. Бегалиева* – «Зорлық – зомбылық пен жыныстық тиіспеушіліктердің алдын алу, болдырмау» тақырыбында баяндап өтіп, «Білім беру ұйымдарында тыйым салынған, пайдалануға шектелген заттар тізбесі» туралы таныстырып, құқық бұзушылық және қылмыс, зорлық – зомбылыққа жол бермеу, жол қауіпсіздігін сақтау бағытында дәрістермен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Аталған бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып, балаларды қатаң бақылауда ұстау керектігі және оған тікелей жауапты ата – ана екенін, ол міндеттерді

Торлары:

Тышшы:

**Қазалы аграрлы – техникалық колледжінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әке мен
ер азаматтың рөлі мен мәнін ұғындыру мақсатында «Қазақ отбасындағы әкенің рөлі»
тақырыбындағы дөңгелек үстел
ХАТТАМАСЫ**

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі

«31» қаңтар, 2025 жыл

Қатысқандар: Колледж директоры А. Мусаев, директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Ә. Тілеубайұлы, педагог – психолог Е. Баекеев, әлеуметтік – педагог Г. Таңатова, мейіркеш А. Мәмбетова колледждің ата – аналар комитетінің төрағасы А. Орақбай және білім алушылардың әкелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Қазалы аграрлы – техникалық колледжінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әке мен ер азаматтың рөлі мен мәнін ұғындыру мақсатында «Қазақ отбасындағы әкенің рөлі» тақырыбындағы дөңгелек үстел

ТЫНДАЛДЫ:

Шараны колледж директоры **А. Қ. Мусаев** ашып, бүгінгі дөңгелек үстелдің мақсаты мен тақырыбының өзекті екендігіне тоқталды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша колледж педагог – психологы **Е. Баекеев** «Қазақ отбасындағы әкенің рөлі» тақырыбында баяндама жасады.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша колледж мейіркеші **А. Мәмбетова** «Зиянды әдеттерден аулақ болу» (ішімдік, темекі, нашақорлық т.б) тақырыбында баяндама жасап, «Дұрыс таңдау жаса» тақырыбында Қызылорда облыстық прокуратурасының ұсынған бейнеролигі көрсетілді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша әлеуметтік – педагог **Г. Таңатова** «Отбасындағы тұрмыстық зорлық – зомбылық» тақырыбында баяндама жасап, кеңестерін ұсынды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ата – аналар кеңесінің төрағасы **А. Орақбай** «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуда колледж бен отбасы – серіктестер» тақырыбында баяндама жасай отырып, барлық әкелерге балаларды тәрбиелеудегі әкенің рөлі мен міндеттеріне тоқталып өтті.

Тақырып аясында әкелерге ситуациялық сұрақтар қойылып, жауаптар тыңдалып, әкелер тарапынан өз ой – пікірлерін білдіріп, бала тәрбиесіндегі тәжірибелерімен бөлісіп, отбасындағы әкелердің рөлінің маңыздылығын, отбасындағы аналардың да рөлі зор екенін айтып өтті.

Шара аясында «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Ә. Тілеубайұлы құқық бұзушылық, қылмыс, ерте жүктілік, зорлық – зомбылық, суицидтің алдын алуда ата – аналардың рөлі, оның ішінде әкелелердің рөлі ерекше. Сондықтан тәрбие барысында балаларыңызбен үнемі ашық түрде сөйлесіп жай – күйлерін бақылап отыруға шақырамын. Қажет жағдайда колледж әкімшілігіне хабарлауға болады – деп сөзін аяқтады.

Дөңгелек үстелді колледж директоры А. Мусаев қорытындылап, шараға қатысушыларға алғысын білдірді.

ҚАУЛЫ:

1. Әке мен баланың арасындағы қарым – қатынасын нығайтатын іс – шараларды өткізу және әкелерді толық қатыстыру, ұсыныс – пікірлерді барлық ата – аналарға хабардар ету яғни ақпараттандыру топ кураторлар мен топ шеберлеріне жүктелсін.
2. Осы қаулының орындалуы мен бақылауды директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары **Ә. Тілеубайұлына** қалдырамын.

Колледж директоры:



Хатшы:

А. Мусаев

Е. Баскеев